

«Сурдопедагогика» пәні бойынша
педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2025 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Мақсаты: бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сонымен қатар арнайы білім беру мекемелерінде түзету-диагностикалық, түзету-дамытушылық, бейімделген (қысқартылған) жеке білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді аттестаттау барысында педагогтердің (сурдопедагогтер) білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.

2. Міндеті: педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Мазмұны: оқу бағдарламасына сәйкес «Сурдопедагогика» пәні бойынша оқу материалдары енгізілген.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаттары
01	Сурдопедагогиканың теориялық негіздері және даму тарихы	01	Сурдопедагогика арнайы педагогикалық ғылым ретінде	Сурдопедагогиканың теориялық және әдіснамалық негіздері туралы білімдерін анықтау
		02	Есту қабілеті зақымдалған балалардың классификациясы	Медициналық, психологиялық-педагогикалық және кохлярлы имплантталған балалардың топтастыру туралы білімдерін анықтау
		03	Сурдопедагогиканың пәні, міндеттері	Сурдопедагогика пәні, міндеттері туралы білімін анықтау
		04	Сурдопедагогика ғылымының қалыптасу және даму бағыттары (даму тарихы)	Сурдопедагогика ғылымының қалыптасуы мен даму бағыттары туралы білімдерін пысықтау (даму тарихы)
		05	Есту қабілеті бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық классификациясы	Есту қабілеті зақымдалған балалардың психологиялық-педагогикалық классификациясы туралы білімдерін анықтау (медициналық, психологиялық-педагогикалық).
02	Сурдопедагогиканың педагогикалық жүйелері	06	Сурдопедагогиканың ерте жастағы педагогикалық жүйелері	Есту қабілеті зақымдалған балаларға ерте жастан көмек көрсету жүйесі туралы білімдерін анықтау
		07	Сурдопедагогиканың мектепке дейінгі педагогикалық жүйелері	Есту қабілеті зақымдалған балаларға мектепке дейінгі балаларға көмек көрсету жүйесі туралы білімдерін анықтау
		08	Естімейтіндерді мектепте оқыту жүйесі	Естімейтін тұлғаларды мектепте оқыту жүйесі туралы білімдерін айқындау
		09	Нашар еститіндерді мектепте оқыту жүйесі	Нашар еститін тұлғаларды мектепте оқыту жүйесі бойынша білімдерін тексеру
03	Сурдопедагогиканың дидактикалық	10	Есту қабілеті зақымдалған	Есту қабілеті зақымдалған тұлғаларға жекелей және топтық

	негіздері		тұлғаларға білім беру ортасын ұйымдастыру негіздері (оқыту әдістері, қағидалары)	білім беру, олардың оқытудың қағидалары туралы білімдерін анықтау
		11	Сурдопедагогиканың негізгі оңалту әдістері	Есту қабілеті зақымдалған тұлғаларды арнайы білім беру саласында қолдаудың медициналық-психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындау
		12	Есту қабілеті зақымдалған балаларды еңбекке оқыту	Есту қабілеті зақымдалған балаларды еңбекке оқыту жүйесі бойынша білімдерін айқындау
04	Есту қабілеті зақымдалған балаларды инклюзивті білім беру жүйесінде сүйемелдеу.	13	Есту қабілеті зақымдалған балаларға педагогикалық қолдау көрсету	Есту қабілеті зақымдалған балаларға педагогикалық қолдау бойынша білімдерін айқындау
		14	Есту қабілеті зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу.	Есту қабілеті зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу және инклюзивті білім беру жағдайындағы педагог қызметінің білімін анықтау.
05	Есту қабілеті зақымдалған балаларды тәрбиелеудің теориясы мен тәжірибесі	15	Есту қабілеті зақымдалған балаларды тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру жолдары	Есту қабілеті зақымдалған балаларды тәрбиелеу негіздері бойынша құзыреттілігін тексеру
		16	Есту қабілеті зақымдалған балаларды отбасында және интернатта тәрбиелеу ерекшеліктері	Есту қабілеті зақымдалған балаларды отбасында және интернатта тәрбиелеу ерекшеліктері туралы білімдерін ашу
06	Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған мектептегі менеджмент	17	Арнайы мектеп жұмысын жоспарлау және мектеп ішілік бақылауды ұйымдастыру	Арнайы мектеп жұмысындағы менеджмент және мектеп ішілік бақылауды ұйымдастыру туралы құзыреттіліктерін анықтау
07	Сурдоандрогика негіздері.	18	Сурдоандрогика - есту қабілеті зақымдалған ересектерді оқыту туралы ғылым ретінде.	Сурдоандрогиканың теориялық негіздері туралы білімін анықтау.
		19	Есту қабілеті зақымдалған ересектерді оқытуды ұйымдастыру жұмыстарының ерекшеліктері.	Есту қабілеті зақымдалған ересектерді оқытуды ұйымдастыру жұмыстарының ерекшеліктері туралы білімін анықтау.

08	Сурдопсихологияның теориялық негіздері	20	Сурдопсихология ғылым ретінде	Сурдопсихологияның теориялық негіздері туралы білімдерін анықтау
		21	Сурдопсихология ғылымының қалыптасуы мен даму бағыттары (даму тарихы)	Сурдопсихология ғылымының қалыптасуы мен даму бағыттары (даму тарихы) туралы білімдерін нақтылау
		22	Есту қабілеті зақымдалған балалардың классификациясы	Есту қабілеті зақымдалған балардың топтастыру (медициналық, психологиялық-педагогикалық) туралы білімдерін анықтау
		23	Сурдопсихологияның зерттеу әдістері	Сурдопсихологияның зерттеу әдістері туралы білімдерін анықтау
09	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың таным процестерінің даму ерекшеліктері	24	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың сезім және қабылдау ерекшеліктері	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың сезім және қабылдау ерекшеліктері туралы білімдерін анықтау
		25	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың зейін ерекшеліктері	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың зейін даму ерекшеліктері туралы білімдерін айқындау
		26	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың ес ерекшеліктері	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың есте сақтау ерекшеліктері туралы білімдерін айқындау
		27	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың қиял ерекшеліктері	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың қиял ерекшеліктері туралы білімдерін айқындау
		28	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың ойлау ерекшеліктері	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың ойлау ерекшеліктері туралы білімдерін айқындау
		29	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың сөйлеу тілін қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктері	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың сөйлеу тілін қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктері туралы білімдерін анықтау
10	Есту қабілеті зақымдалған адамдардың тұлғалық даму ерекшеліктері	30	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың эмоционалды саласы	Есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың эмоционалды саласының даму ерекшеліктері туралы білімдерін айқындау

		31	Есту қабілеті зақымдалған балалар мен жасөспірімдердің тұлғааралық қарым-қатынасы	Есту қабілеті зақымдалған балалар мен жасөспірімдердің тұлғааралық қарым-қатынасы туралы білімдерін нақтылау
Мәңгілік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).				

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Сурдопедагогика арнайы педагогиканың құрамдас бөлігі болып табылады. Сурдопедагогика арнайы педагогикалық ғылым ретінде. Есту қабілеті зақымдалған балалардың классификациясы. Сурдопедагогиканың даму тарихы. Есту қабілеті зақымдалған тұлғаларға білім беру ортасын ұйымдастыру негіздері (оқыту әдістері, қағидалары). Сурдопедагогиканың негізгі оңалту әдістері. Есту қабілеті зақымдалған балаларға педагогикалық қолдау көрсету. Сурдопедагогиканың ерте жастағы педагогикалық жүйелері. Сурдопедагогиканың мектепке дейінгі педагогикалық жүйелері. Естімейтіндерді мектепте оқыту жүйесі. Нашар еститіндерді мектепте оқыту жүйесі. Есту қабілеті зақымдалған балаларды еңбекке оқыту жүйесі. Есту қабілеті зақымдалған балаларды инклюзивті білім беру жүйесінде сүйемелдеу. Есту қабілеті зақымдалған балаларды тәрбиелеу негіздері. Есту қабілеті зақымдалған балаларды отбасында және интернатта тәрбиелеу ерекшеліктері. Арнайы мектеп жұмысын жоспарлау және мектеп ішлік бақылауды ұйымдастыру. Сурдоандрогика негіздері. Сурдопсихология арнайы психологияның құрамдас бөлігі болып табылады; есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың таным процестерінің даму ерекшеліктері. Есту қабілеті зақымдалған адамдардың тұлғалық даму ерекшеліктері. Сурдопсихологияның түсініктері мен негізгі ұғымдары, есту қабілеті зақымдалған тұлғалардың психикалық даму үдерістері және оның негізгі заңдылықтары, сурдопсихологиядағы ғылыми жетістіктердің теориялық және қолданбалы маңыздылығы жөніндегі білімдерін тексеруге бағытталған

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 26 %; орташа деңгейде (В) – 60 %; жоғары деңгейде (С) – 14 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, тестіленушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін орындалмаған – 1 балл, дұрыс тапсырмаға – 0 балл алады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Аутаева А.Н., Махметова А.А., Бутабаева Л.А., Сурдопедагогика негіздері: Оқу құралы. Алматы «Ақнұр» баспасы, 2018 – 197 б.
2. Сурдопедагогика: учебник для студ. высш. пед. учеб. заведений/[И. Г. Багрова и др.]; под ред Е. Г. Речицкой. – М.: Гуминитар, изд. центр ВЛАДОС, 2004, 2018
3. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балаларды оқытуды ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016.
4. Аутаева А.Н., Даурамбекова А.А., Сурдопсихология негіздері: Әдістемелік оқу құралы: Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2010.
5. Богданова Т. Г. Сурдопсихология: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. -М.: Академия, 2002
6. Тургунбаева Б.А. Андрагогика Оқу құралы - Алматы: «Болашақ» баспасы 10 б/т Алматы: 2011.